ҚТ-11-02



1) „Сібір қырғыздарының жарғысы" оның жүзеге асырылуы

Бұл жарғы қазақ мемлекеттілігін жою және империялық жүйені құруға бағытталған құжат болып табылады. Бұл I Александрдың 1822 ж. жарлығымен қабылданған болатын. Осы құжатта патшалық отарлау саясатына бағытталған істердің бірі яғни халықты орыстандыру көрсетілген. Жарғыны қабылдау кезеңінде құлдар сол қалпымен қалып, жаңадан құл сатып алуға тыйым салынған болатын. 1822 жылы осы жарғы бойынша Қазақстанды отарлау саясатына байланысты күш ала бастады. Бірақта хан үкіметін жою, құлдықтан бас тарту Қазақстанның тарихи дамуына жағдай жасады. Жарғы бойынша „Сібір қырғыздарының жарғысында" Шыңғыс ұрпақтарының ықпалын әлсіретуге бағытталған шара еді. Патшалық Ресейдің отарлық саясатының кеңеюіне жол ашқан еді. Жалпы алғанда 1822 жылғы „жарғы" патша үкіметі үшін Қазақстанның бай өлкесін игеруге қолайлы алғышарт жасады.

2) „Орынбор қырғыздары туралы жарғысы", оның жүзеге асырылуы.

„Орынбор қырғыздары туралы жарғы" – Ресей үкіметінің Кіші жүз қазақтарын жаңаша басқару мақсатында жасаған шарасы. 1824 жылдың наурыз айында сыртқы істер министрінің жанындағы Азия департаментінде бекітілген болатын. Бұл жарғы бойынша Кіші жүзде хандық билікті жою туралы шешім қабылданды. Осы жобада Кіші жүз үш бөлікке бөлінді. Әр бөлінген бөлік бойынша патша үкіметі тағайындаған басқарушы сұлтандардан тұрды. Патша үкіметі 1822 және 1824 жылдардағы реформаларын бірден енгізе алған жоқ. Орта жүзде сыртқы округтерді құру 1838 жылы аяқталды. Кіші жүзде басқарушы сұлтан билігі біріншіде тек шекаралық ауылдарға ғана таралды содан кейін барып шалғай жатқан елдерге біртіндеп, орыс билігінің ықпалымен бірге

жеткен болатын. Қазақ халқы сырттан келген жаңа билік жүйесіне қарсылық көрсеткен болатын. „Орынбор қырғыздары туралы жарғы" бойынша Кіші жүзде хандық билік жойылғаннан кейін Орынборға шақырылып, сонда тұрақталып қалған болатын.

3) Хандық биліктің жойылуының салдары

Қазақстандағы хандық биліктің жойылуы – 1822 және 1824 жылдары патша үкіметі Орта жүз бен Кіші жүздегі хан билігін жойды. Қазақтар өзінің мемлекеттілігінен осылайша айырылды. Оның өзіндік себептері болатын.

1) Патша үкіметі әр жүздің бұрыннан бар хандарының қатарына жаңа хандарды қосып отырды. Мысалы, 1812 жылы Кіші жүздің Жайықтың оң жақ бетіндегі қазақтарға Бөкей сұлтан өз алдына жеке хан болып шықса, 1815 жылы Орта жүзде Уәли ханмен қатар Бөкей сұлтан да хан болып тағайындалды.

2) Бұл кезде патша үкіметі Кіші жүзде де, Орта жүзде де бірнеше әкімшілікке бөлшектеген еді. Мұның өзі патша үкіметінің көшпелі қазақтарды басқаруына өте қолайлы болып шықты.

3) XIX ғ басында Шыңғыс ұрпағы бірқатарының патша үкіметінің әкімшілігіне белсенді қарсылық білдірген оқиғалары көбейіп кетті. Патша үкіметі Франциямен соғыс аяқталғаннан кейін жеткілікті әскер мен адам санына ие болды. Осылардың өзі тәуелсіз қазақтардың заңды билігін – хан билігін біржола жоюға итермеледі. Себебі хан билігі сақталса патша үкіметі өлкені шаруашылық тұрғысынан кең көлемде отарлауына кедергі келтірген еді.

Осындай бірқатар себептердің кесірінен хандық биліктің жойылуына себеп болды.